

ФИЛОСОФИЯНЫҢ ҚЫСҚАША ТАРИХЫ. СОКРАТТАН ДЕРРИДАҒА ДЕЙІН

Аристотель: ақылды пайымдау. 2-бөлім

1-тарау. Антикалық философия



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін

Тарау: 1. Антикалық философия

Дәріс: 6. Аристотель: ақылды пайымдау. 2-бөлім

Аристотельдің «Этикасы»: тең орта

Аристотель адам өміріндегі дұрыс пен бұрысты, жаман мен жақсыны анықтауға негіз болатын принциптер туралы ғылымды – этика туралы өз ілімін жасады.

«Никомах этикасы» кітабында бейнеленген бұл ілім бақыт ұғымына негізделген.

Тұлға үшін қандай өмір – жақсы өмір? Ол – бақытты өмір. «Бақыт дегеніміз – жанның нағыз ізгілікке сәйкес әрекеті». Бақыт – әрекет. Ол мақсат емес. Бақыт қандай да бір әрекетпен, амалмен қатар жүреді. Бақыт өмірдің жан-жақтылығында көрінеді. Сонда біз өзімізді қалай ұстауымыз керек? Біз өзімізді бақытқа қол жеткізетіндей деңгейде ұстауға тиіспіз.

Бұл ережелер бізді Аристотельдің ең белгілі теорияларының біріне: тең орта теориясына алып келеді.

«Орта» бұл жерде екі шектің арасындағы дәл теңгерімді білдіреді. Мысалы, егер мен сауық кешіне барсам, қанша ішімдік ішкенім дұрыс? Оның пікірінше, екі шектің арасындағы дәл теңгерімге жету қажет, яғни өте аз да, тым көп те ішпеу керек. Тым ұялшақ та қарапайым, сонымен қатар, тым адуын да болмай, екі шектің арасындағы теңгерімге жетуге тиіспіз.

Түрлі адамдардың мінез-құлық туралы түсініктері де әртүрлі. Біреуге жақсы нәрсе басқа адам үшін мүлдем өрескел. Тең ортаны анықтау үшін байыпты тексеру қажет, ол қателіксіз, шалсы қадамсыз анықтала салмайды. Бірқалыпты әрекет етіңіз. Екі шектің арасындағы ортаны іздеп табыңыз. Шектердің әрқайсысында да жағымсыз реңк бар.

Батылдық, мәселен, қорқақтық пен көзсіздіктің аралығы делінеді. Ақкөңіл жомарттық – бейпіл ысырапшылдық пен тиын санаған сараңдықтың ортасындағы қасиет. Әйтсе де, мінез-құлықтағы шектен шығуды математикалық дәлдікпен есептеу мүмкін емес. Рұқсат етілетін шегараны, шамасы, әр адам өзі, ақыл-ойының көмегімен анықтайды.

Жалпы алғанда, оның тең орта теориясы сөздерді ойнатуда қолданылатынын байқай аласыз. Осы теорияның негізінде тең ортаның әртүрлі, кейде қисынсыз да күлкілі мысалдарынан тұратын қызықты ойын ойнауға әбден болады: «Дұрыс әрекет – жаман мен жақсының арасындағы алтын аралық. Ізгі адам ақымақтық пен зеректік аралығындағы өзінің жай, қатардағы қалпын көрсетеді». Бұл – адамның мінез-құлқындағы тең ортаны анықтаудың қарапайым, бірақ та маңызды түсінігі.

Аристотельдің «этикасы» – өз қадір-қасиетін білетін, басқалардың да осылай мойындағанын күтетін, өздерін жетілдіруге және өздері өмір сүріп отырған қоғамға қызмет етуге уақыттары бар зерделі адамдардың дұрыс дүниетанымының кәдуілгі мысалы.

Қазір Аристотельдің этикалық іліміне қызығушылық артып келеді. Бұл өзгеріс – әртекгі қоғамда өзара үйлесімге, түсіністікке және құрметке негізделген жарастықты тірліктің жаңа формаларын табуға тырысқан шығу тегі, саяси және діни көзқарасы әртүрлі адамдардың көбеюіне байланысты болып отыр. Осындай процестерді барлық қайшылықты жағдайларда мәмілеге келумен, күрделі мәселелерді келісе отырып шешумен, өзара үйлесімге қол жеткізумен сабақтастыруға болады.

Өзге де этикалық нормалар

Ойшылдың «Этикасы» – телеологиялық ілім. Ол қол жеткізілуі қажетті мақсаттарға негізделген. Бұл жерде атап көрсетуді қажет ететін басқа да этикалық нормалар бар. Аристотельдің ойынша, адам өзі жасағалы отырған қандай да бір іс-әрекеттің немесе ниеттің әділетті және ізгі екені туралы пікір түйі тиіс. Жасалайын деп отырған іс-әрекет жақсы және әділетті себептерден туындауы қажет, ол дұрыс және шектен шықпайтын ниеттерге негізделгені жөн. Қандай іс-әрекеттің де нәтижесі оң болуы керек. Тіпті, не боларын алдын ала білмесе де, адам өзі ниет еткен ісінің ықтимал салдарын шамалауға міндетті. Ол «жоғарғы ізгілік» ұғымына анықтама бергенде, оны «оңашалану мен ақылдық пайымдаудан тұратын игілік» деп атады. Бұл игілік пайымдаушы қабілет болғандықтан, абсолютты ақиқатты таниды және адамдағы ең жоғарғы қасиет болып табылады.



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін

Тарау: 1. Антикалық философия

Дәріс: 6. Аристотель: ақылды пайымдау. 2-бөлім

Саясат

Аристотельдің саясат туралы түсінігі сол ежелгі дәуірде кең тараған «қала-мемлекет» мемлекеттік-саяси құрылымына негізделген. Ол Ескендір Зұлқарнайыннан бұрын өмірге келіп, одан ұзақ өмір сүрді. Бірақ оның саясатқа ержүректікпен және батылдықыпен араласқаны туралы мәлімет жоқ.

Оның мемлекеттік істер туралы ойлары «Саясат» деп аталатын еңбекте жинақталған.

Аристотель мемлекеттік басқару механизмін зерттеуге көп қызықпады. Ол мемлекетті ең жоғары, ең дамыған саяси және этикалық ағза деп ойлады. Моральдық-адамгершілік құндылықтарды белгілеуде мемлекет отбасының және жеке тұлғаның алдында да сөзсіз басымдыққа ие.

Егер адамдар мемлекетте өмір сүрмесе, яғни оның бір бөлігі болмаса, мақсаттарына жете алмайды. Ол адамды «zoon politicon» – саяси жануар ретінде анықтайды, өйткені адам жануарлар сияқты жалғыздан жалғыз өмір сүре алмайды. Мемлекет, сондықтан адамдардың бірігіп өмір сүруінің жолында пайда болған қажетті құбылыс.

Мемлекет отбасылардан құралады. Құлдар – отбасының бір бөлігі, соғыс тұтқындарын да құл етуге болады. Дәрежесі бойынша жоғары тұрған адамдар басқарған кезде бағыныштылардың жұмысты жақсырақ істейтіні әбден табиғи құбылыс. Аристотель сауданы мақұлдамайды. Заттар тұтыну үшін жасалады; байлық жинаудың табиғи тәсілі – жерді ақылмен, ұқыпты иеленіп, пайдалану деп тұжырымдайды.

Аристотель Платонның мінсіз мемлекет коммунизмін сынайды. Ол мемлекет мәселесін жеке меншікпен және еріктілікпен ұштастырады. Егер Платон жекеменшік жойылу керек деген болса, Аристотель керісінше, оның қажеттігін көрсетеді. Сонымен бірге оның пікірінше, отбасын жою – мүлде теріс қадам, себебі мемлекеттің өзі тікелей отбасына, сонымен қатар жекеменшікке негізделген. Қауымдастық болса, ешкім жекеменшікке және жеке үйге ие болмайды дегенді білдіреді. Жекеменшік болмаған жағдайда қолы ашық дарқандық та өзінен-өзі жоғалады. «Оның көп пайдалығын айтпағанның өзінде-ақ», – дейді ойшыл, – бір нәрсенің иесі болу адамға түсінбейтін ләззат сезімін әкеледі. Сонымен қатар байлықтың иесі мырза болып қарапайым халыққа, кемтарларға көмектесіп, оларды қолдап отыруы қажет, басқа жағдайда қоғам тұрақтылығынан айырылып қалып, мемлекетке қауып төнуі мүмкін. Соңғы мәселеге көп көңіл бөліп, ойшыл ел тұрақты болуы үшін оның негізгі халқы орта дәрежеде өмір сүруі керектігін айтады. XX ғасырда әлеуметтік философияда бұл «орта таптың теориясына» айналды.

Төңкерістерді болдырмау үшін үш нәрсе қажет. Біріншіден, білім беру ісінде мемлекеттік насихат болуы керек. Екіншіден, қоғамда әділдік пен заңға құрмет салтанат құрылуы тиіс. Заң мен әділдік – басқару ісі бастау алатын маңызды негіз. Заңға сәйкес басқару – жігерлі де адал ниетті азаматтардың мемлекетін басқару деген сөз. Үшіншіден, мемлекет экономикалық тәуелсіздікке ие болатындай қаншалық үлкен болса, барлық азаматтар бірін-бірі тани алатындай соншалық шағын да болғаны жөн.

Азаматтар білім алуы тиіс, олар өздері үшін пайдалы білімді ғана меңгеруге құқылы. Оқытудың негізгі мақсаты – ізгілік тарату. «Ізгілік» сөзін гректер «кемел адам» мағынасында қолданды. Аристотель азаматтық алуға құқық шектеулі болуы тиіс деп пайымдады. Философтың пікірінше, жерге байланысты жұмыстарды орындаудан босатылған жер иеленушілер мен жоғары білімді адамдардан басқаларға, яғни төменгі тапқа азаматтық берілмеуі керек. Алдыңғы екі категорияға жеткілікті білімі, қажетті тәрбиесі, бос уақыты және ізгілігі бар адамдар жатады. Осының бәрінің жиынтығы оларға мемлекетті дұрыс басқару жауапкершілігінің жүгін көтеруге мүмкіндік береді. Осылайша, ол мемлекет пен қоғамның рухының этикаға тәуелділігін мегзеді.

Мемлекеттік құрылымның классификациясы

Аристотель – әйгілі мемлекеттік құрылым классификациясының авторы. Ол өз заманындағы 158 елдің мемлекеттік құрылымын сипаттады. Афина мемлекеттік құрылымының сипаттамасы



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін

Тарау: 1. Антикалық философия

Дәріс: 6. Аристотель: ақылды пайымдау. 2-бөлім

ғана сақталып, ұлы философтың осы саладағы басқа еңбектері жоғалып кетті. Аристотель классификациясы мемлекеттік құрылымның алты типін бөліп көрсетті және екі өлшемге негізделді.

Бірінші, өлшемге сәйкес, ол барлық мемлекеттерді дұрыс және дұрыс емес деп бөлді. Дұрыс мемлекеттер жалпыға бірдей игілікке ұмтылады, олардың өмір сүру мақсаттары ізгілікті. Олар өз азаматтарының басым көпшілігіне жақсылық жасағысы келеді. Сонымен қатар, дұрыс емес мемлекеттер де бар. Олар билік пен байлықты бір ғана әлеуметтік таптың – билеуші таптың қолында шоғырландыруды мақсат тұтады. Осылайша билеуші топ пен олардың жақтастары барша игілікті өздері көріп, сонысымен де қалған халықты қанап, қысым көрсетеді.

Екінші, өлшемге байланысты барлық мемлекеттік құрылымдар үш типке бөлінеді. Аристотель бүкіл билік бір адамның уысында, билеуші шағын топтың немесе бірнеше отбасының және азаматтардың басым көпшілігінің қолында шоғырланған мемлекеттердің арасындағы айырмашылықтарды көрсетеді. Содан соң ол жоғарыда айтылған екі өлшемді біріктіреді.

Аристотель кез келген билікке қойылатын екі негізгі талап бар деген қорытындыға келді: азаматтардың мүлік құқықтарын мойындау және қорғау, халықтың басым көпшілігінің әл-ауқат деңгейін көтеру. Ол «Саясат» атты еңбегінде: «Мемлекеттік құрылыстың бағасы басқарушылар мен қарамағындағы адамдардың сандық қатынасымен анықталмайды, мемлекетті бір адам, бірнеше адам немесе көпшілік өкілдері басқаратындығына қарамастан, азаматтардың жақсы өмір сүруі, сол азаматтардың қаншасы ізгі құлықты және билеушілердің қаншалықты өз басының қамынан асып, жалпы жұрттың жағдайын ойлай алуға қабілетті, сонымен анықталады» деген қорытынды жасайды. Халқының байлығы – билікке қойылатын міндетті талап емес. Бірақ, екінші жағынан, байлық пен әлеуметтік ауқаттылық азаматтардың бос уақытын көбейтіп, білім берудің дамуына және туу деңгейінің өсуіне ықпал етеді. Дәулетті адамдардың көп болғаны жақсы, дәулеттілердің көбейе түсуі мемлекетті тұрақты етеді. Аристотельдің ойынша, мемлекетке ұстамды және салмақты қоғамдық пікір де қажет.

Ол монархияны мемлекеттік құрылымның ең үздік формасы ретінде қарастырған сияқты. Ізгі патшаны табу мүмкін болса, ондай патша ең аз дегенде «адамдардың арасындағы Құдай» болуы тиіс деп тұжырымдайды. Сонымен қатар мемлекеттік құрылымның әр типін қарастырып, сипаттауға жеке көңіл бөлді.

Аристотель бойынша, ең жақсы мемлекет – олигархия жетістіктері мен демократия үйлесім тапқан полиция. Заң шығарушы, атқарушы және сот билігін бөлу идеясы – ойшылдың негізгі құқықтық тұжырымдамасы. Оның айтуынша, «әрбір мемлекеттің 3 элементі болады: біріншісі – мемлекет істері жөніндегі заң-кеңес органы, екіншісі – магистратура, үшіншісі – сот органдары». Ұлы ойшыл трактатында, құқық – негізгі міндеті жалпыға қызмет ету болып табылатын саяси әділеттілік ретінде сипатталады.

Оның демократияны мемлекеттік басқарудың бұрыс формасы ретінде қарастырғанына таңғалуымыз мүмкін. Десек те ол «полиция» сөзін қолданғанда, мемлекеттік құрылымның шамамен алғанда біз демократия деп атап үйренген типі туралы ойлағанын есімізде сақтауымыз керек. Ал «демократия» сөзін қолданғанда, ол демагогияны немесе тобырдың билігіне ұқсас әлденені меңзеді.

Қазіргі заманғы демократия Аристотельдің кезіндегі адамдарға мүлде белгісіз болған көптеген элементтерге негізделеді. Олар: адам құқығын мойындау және қорғау, сот билігінің тәуелсіздігі, заңдарды қолданудағы тәуелсіздік және бейтараптық, азшылықтың пікірін қорғау, биліктің мемлекеттік саясатты талқылап, оны ұзақ мерзімге жоспарлауда маңызды рөл атқаратын сайланбалы өкілдік органының болуы, осы саясатты жүзеге асыратын атқарушы билік органдарының болуы, барлық мемлекеттік органдар қызметінің қоғамдағы көңіл күйдің өзгеруіне тәуелсіздігі.

Түйін

Аристотельдің рационалды дәлелдемелері шын мәнінде Платонның теорияларын жалғастырып, жетілдірді. Бірақ ол ұстазының еңбектеріне тән мистицизмді жеңіп шыға алды.



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін

Тарау: 1. Антикалық философия

Дәріс: 6. Аристотель: ақылды пайымдау. 2-бөлім

Оның үстіне, оның еңбектері көкейге қонымды және жүйелірек, драмалық салыстырулар мен диалог формасындағы шегіністерден алшақ.

Ойшылдың «Физикасы» мен «Метафизикасы» бізге, қазіргі заман адамдарына оғаштау және мүлдем түсініксіз болып көрінуі әбден мүмкін. Біз материяны әр алуан тәсілдермен зерттей алатынымызға, дүние құрылымын әртүрлі тұғырлардан қарастыра алатынымызға үйреніп қалдық. Бірақ ол өз зерттеуін жүзеге асыру үшін біртұтас объективті терминологияны жасауға талпынған алғашқы адам болғанын ұмытпау керек.

Аристотель өзінің «Физикасында», «Метафизикасында», «Логикасында» және ақыр соңында «Этикасында», бейнелеп айтсақ, XX ғасырдың саралаушы философтарының алдында тұрған міндетті – тілді сынауды алдын ала шешіп қойды.

Бұл міндеттің мәні – тіл сынын жүзеге асыру, тілдегі дәлсіздіктерден арылу. Бұл философтар бізді нақты дүниеде жоқ мәселелерді сипаттағанда тілді дұрыс қолданбаудан сақтандырады.

Оның «Логикасы» қазір онша дұрыс емес секілді көрінеді. Екінші жағынан, ол ойлау заңдарын жүйелеген алғашқы философ болды. Оның себептерді зерттеуі өте маңызды. Туындатушы себеп ұғымы заманауи ғылымда бұрынғыша қолданылып келеді. Кез келген детектив романды оқыңыз, қандай да бір оқиғаның себебін зерттеудің қаншалықты маңызды екенін көресіз. Биологтар мен эволюцияшылдар телеология немесе мақсатты себеп ұғымын әлі күнге пайдаланады. Бұл ұғым аталған қызмет салаларында өте маңызды құрал болып саналады. Дэвид Юм жалпы себептілік-салдарлық байланыс ұғымымен белгілеген ғылыми күмәндану қазіргі заманғы ғалымдардың көбі үшін өте маңызды.

Аристотель адам жанының ең жоғары белсенділігі ойлануда көрінеді деген пікірді ұстанды. Сіз бұған қалай қарайсыз? Жанның тағы қандай күйлерін ерекше маңызды және құнды деп қарастыру қажет? Адам жаны туралы оның түсінігі біз үшін тым жат. Христиан теологиясы мен заманауи философия көне дәуірдің ұлы философының алғашқы түсініктеріне өзгерістер енгізді. Бірақ осының бәріне қарамастан, ол жасаған және қолданған терминология біраз өзгерістерге ұшыраса да, бұрынғыдай айрықша қалпында.

Қазіргі заманғы этиканың ең кең тараған теорияларының бірі – утилитаризм. Ол үшін тағы да Аристотельге рақмет айтамыз, себебі бақыт ұғымына және пікірлестер ортасынан алынған білім ауқымының маңыздылығына назар аударған сол болатын. Оның «Этикасы» XX және XXI ғасырлар тоғысында жаңа мағынаға ие бола бастады. Бұл кітапқа деген қызығушылық артып келеді. Оның себебі мынада: қазіргі заманғы ойшылдар барлық теорияларды түсіндіретін «ғаламат сандырақтарға», құлықтарға көбіне сенімсіздікпен қарап, «анда-санда» принципіне негізделген адамгершілікке негізделген шешімдер шығару ұстанымына жүгінгенді қалайды.

Аристотельдің «Этикасы» оларға аса «эссенциалистік» емес, сол себепті өте пайдалы болып көрінеді.

Ойшылдың саясатқа көзқарасы ескірді және өзінің өзектілігін жоғалтты. Ежелгі Грекияда қабылданған терминология едәуір өзгерді және бүгін көбінесе басқа мағынаға ие. Десек те, гректің шағын қала-мемлекетіне көзқарастарын қарастырғанда заманауи жергілікті демократиямен көптеген ұқсастықтарды байқауға болады. Ұлы философ ойларының тереңіне үңілу біз үшін өте пайдалы.

Ол бос уақыттың пайда болуы адами қадір-қасиеттерді дамытуға және идея алмасуына мүмкіндік береді деп санады. Осылайша еркін азаматтарда мемлекет істерімен айналысатын, сот жүйесін басқаруға, мемлекетті соғыс кезінде қорғауға қажетті уақыт пайда болады. Бірақ бос уақыттың ең жоғары мәні деп сіз нені түсінесіз? Мемлекетті кім меңгеруі, қорғауы тиіс? Сот жүйесін кім басқаруы қажет? Ол адамдарға кім және қалай қолдау көрсетуі керек?

Аристотельдің түсініктері мен теориялары еуропалық санада өте ұзақ уақыт үстемдік құрды. Бірақ бұл оның өзінің кінәсі емес. Басты себеп – кейінгі ойшылдардың ол салған жолмен жүруден бас тартып, Кант атап өткен догмалық ұйқыға батуы.

Аристотельден кейін

Аристотель философиялық ойдың өзінен кейінгі бүкіл даму тарихына зор әсер етті. Оның Ликейі Рим империясы христиандықты қабылдағанға дейін өмір сүрді. Осыдан соң көп ұзамай



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін

Тарау: 1. Антикалық философия

Дәріс: 6. Аристотель: ақылды пайымдау. 2-бөлім

Ликейді пұтқа табыну ілімінің орталығы деп санап, жапты. Платонның еңбектерін зерттеу жалғаса берді; оның еңбектері өз дамуының бастауында тұрған христиандық ойдың теориялық негізіне айналды. Аристотельдің көптеген туындылары, әсіресе логика туралы еңбектері біржола жоғалды. Ерте ортағасырлық университеттерде ойшылдар сандаған ғасыр бұрын оған тап болған мәселелерді шешуге шама-шарқы жеткенше тырысты. Оның еңбектері араб дүниесінде жоғары бағаланды. Бағдаттың аса маңызды оқу орталықтары осы ұлы философтың еңбектерін көптеген жылдар бойы ұқыптылықпен, аялай сақтады.

Мысалы, шығыстың ұлы философы Әбу Насыр әл-Фараби ислам философиясының аса көрнекті өкілі болды.

Ол жас кезінен ғылыммен айналысып, кейін энциклопедист ғалым деңгейіне дейін көтерілді. Оның философиялық шығармаларында Аристотельдің идеялары өз жалғасын тапты. Мысалға, ол заттарды материя мен форманың, олардың қалыптасуы мен дамуының жиынтығы деп қарастырды. Сондай-ақ ол жаңа платонистердің эманация ілімін де қолданды. Өз заманында кейінгі ғасырларға азық боларлық ғылыми мұра қалдырған әл-Фараби адамзат тарихындағы екінші ұстаз деген атаққа ие болды. Жан-жақты ғылыми ізденісі барысында ол өзінің философиялық ілімін жасады. Шын мәнінде, Аристотельдің философиясы Батыс және араб дүниесі ғалымдары арасында өзара тығыз байланыс пайда болғанға дейін христиандық Еуропаға беймәлім боп келді.

Латындық дәуір үшін Фарабидің бейнесі Әл-Киндидің бейнесінен айқынырақ болды. Сол кезде-ақ, оның «Ғылымдарды жіктеу», «Ақыл туралы трактат», «Бақыт жолына нұсқау» атты еңбектері аударылып үлгерген еді.

Біз XIII ғасырда христиан ғалымдарының ұлыларының барлығының, дәлірек айтсақ, Роджер Бэкон мен Акуинолық Фома Фарабиге жүгінгенін үлкен сеніммен айта аламыз.

Олар Фарабиге жүгінуде, көбінесе Ибн-Синаның түсіндірмелерін пайдаланды. Нәтижесінде, Ибн-Синаның аты күллі әлемге таралды.

Осылайша, әл-Фараби ислам әлемінде еркін ойлардың таралуына негіз жасады. Оның кейінгі мирасқорлары оны ұстаз ретінде қабылдап, тигізген прогрессивтік әсерін мойындады. Бұған қоса, ол алғашқылардан болып, ислам фәлсафасының қалыбын жасады, оның негіздері мен принциптерін салды.

Әл-Кинди одан бұрынырақ тұтас философиялық мектепті қалыптастыруға тырысқанымен, алайда, оның бұл талпынысы Фарабидікіндей дәрежеге жеткен жоқ. Ол толық жеке философиялық мектептің негізін қалай алмады, оның көзқарастары тым шашыраңқы, жүйесіз, байланыссыз болды. Міне, сондықтан шығыстанушылар Фарабидің ислам философиясына, тіпті әлем философиясына сіңірген еңбегін мойындауға мәжбүр болды.

Француз шығыстанушысы Диляс Ольири «Фарабидің ұлылығына қатысты не айтылса да, әсірешілдікке ұрынбаймыз; Ибн-Синаның, Ибн-Рушдтің еңбектерінде кез келген идеялардың түпкілікті мәндік негіздері Фарабидің ілімінде жатыр» десе, Масиньон оның тұлғасын «Ислам философтарының арасындағы ең түсініктісі, көне ғылымдарға ең көп жүгінуді, ол таза философ, ол шынында білгір» деп бағалады.

Луи Гарде ғалымның Батысқа еткен әсері турасында былай деп жазды: «Аристотельдің мұрасын Батысқа түсіндіру арқылы жеткізген араб тілді, ислам дінді әл-Фараби еді».

XX ғасырдағы ағылшын философы Бертран Рассел грек философиясына құрметпен қарап, тіпті, ырымшылдықпен қастер тұту керек деген болатын.

Бірақ ол грек философтарының ойлау тәсілі ғылымдан гөрі абстрактілі болғанын түсінді: гректер өз ой-толғаныстарында теріске шығару мүмкін емес, өзін-өзі түсінікті нәрселерге жүгінуді жөн көрді, яғни жаңа нақты жағдайларды айқындауды талап ететін ойлаудың индуктивті тәсілінен дедуктивті тәсілін жоғары қойды.

Қорытынды

Аристотельдің ұстанымында ұстазының пайымдауларына тән мистикадан гөрі практикалық сипат басым болды. Оның философиясында аналитикалық белгілер де айқынырақ. Батыстық ойлау үрдісінде адамның бәрінен бұрын өз зердесіне ғана жүгінуді толық мәнінде Аристотельден



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін

Тарау: 1. Антикалық философия

Дәріс: 6. Аристотель: ақылды пайымдау. 2-бөлім

басталды деуге болады. Ол көптеген ақпараттық мәліметтердің зор тізбегін құрастырып, одан әмбебап ережелер шығаруды жақсы көретін. Ойшыл құдды: «Білім тек әмбебап ақиқатқа, яғни кез келген жағдайда ақиқат болатын дүниеге қатысты. Бірақ біз осы ақиқатқа жол іздегенде оның жеке сәттеріне, халдеріне, шарттарына және объектілеріне тап боламыз. Жеке құбылыстар мен заттар туралы ойларға тереңдемей, әмбебап білімге қалай қол жеткіземін?» – деп тұрғандай. Аристотель «жүйелі» адам болды. Ол ақиқатты танып-біліп қана қоймай, өзінің танып-білгені не себепті ақиқат екенін білгісі келді. Мәселені анық баяндауға, оған сай келетін терминологияны анықтауға ұмтылды; бәрін қозғалысқа келтіріп тұрған принциптерді ашуға және оларды ретімен, кезеңдеп зерттеп, сипаттауға талпынды.